



ӘОЖ 94 (574.1)

ҒТАХР 03.20

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.94(2).50

<sup>1</sup>Рысбеков Т.З., <sup>2</sup>Кушкенбаева А.Е.\*

<sup>1,2</sup>М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,  
Орал, Қазақстан

\*Корреспондент-авторы: esbulatovna95@gmail.com

E-mail: esbulatovna95@gmail.com

### АКАДЕМИК М.ҚОЗЫБАЕВТЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

**Аңдатпа.** Мақалада тарихшы-ғалым М.Қ.Қозыбаевтың ғылыми, ғылыми – ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтерімен қатар мемлекеттік және қоғамдық өмірдегі белсенді қызметі жан-жақты қарастырылған. Ғалымның кеңестік кезеңдегі қоғамдық қызметтерге араласуы, шыңдалуы, тәжірибе жинағын өмір өткелдері сараланып, Қазақстанның тәуелсіздік алған жылдарындағы белсенді қоғамдық қызметі ғалымның өз шығармалары, ғылыми еңбектері арқылы зерттелген.

**Кілт сөздер:** ғалым М.Қ.Қозыбаев; өмір белестері; тарих ғылымы; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті; ғылыми еңбектер; Партия тарихы институты; депутаттық қызметі; белсенді қоғамдық өмір; ғалымның мұрасы.

#### *Кіріспе*

Төл тарихымызды ұлттық мүдде биігінен толғап, әлемдік тарихи ақыл-ой маржанымен қатар қонған парасатпен көмкерген тұлғалар шоғырында Манаш Қабашұлы Қозыбаев бар. Ол екі дәуірдің перзенті еді. Өркениеттік тұрғыдан қарасақ, бір-біріне жалғасып жатқан екі дәуір мақсат-мұраты, мазмұны, болмыс-бітімі бойынша мүлде үйлеспейтінін, бірін бірі бекерлейтінін оңай байқаймыз. Адам құқығы тапталған, ұлттық зиялылары қынадай қырылған, шығармашылық еркіндік тырп етпестей ауыздықталған тоталитарлық отар республикада есейген, білім алған, ғылым қуған Манаш Қабашұлы әлеуметтік әділетсіздікті, әсіресе ұлт теңсіздігін ерте сезінді. Тіпті балалық шағында көрген қызығы да шамалы. Кейініректе сол күндерді былайша есіне алған екен: «Бізге үйдің бір бұрышы тиетін, іргесі сыз, тіпті жаз айларында дымқыл тартып тұратын. Сығырайған терезелерді сыртынан шөппен, қармен жауып, жылуды сақтауға тырысатынбыз. Мен сондай өмірден қалай тірі қалғанымға әлі күнге таңғаламын» [1, 1], (1-сурет).



1-сурет - Ғалым М.Қ.Қозыбаев

*Зерттеу материалдары мен әдістері*

Қиыншылық оны жасытпады, қайта ширата түсті. Педучилищеден кейін қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін 1953 жылы бітірген соң Қостанай педагогикалық институтында табан аудармай бес жыл еңбек еткенде жас қазақтың сапалы білімі де, ұйымдастырушылық қабілеті де, әділдік үшін күресе білетін қасиеті де көрінді. Өлкетанулық зерттеулерін жариялады, Қостанайдың ономастикасын ұлтсызданған мазмұннан арылтуға үлес қосты, Ы. Алтынсариннің есімі мен ісін ұлықтады (2-сурет). Қара бастың қамы емес, ел мүддесін көбірек ойлады. «Қостанай кезеңі мені өсірді, шынықтырды, шыңдады, - деп еске алыпты жастық жалынға толы жылдарды. – Мен азамат болып, есейдім. Өзімнің бақытым Сара Пішенбайқызымен отау құрдым, тұңғышым Ілияс дүниеге келді. Ең ғажабы, Қостанайға интернационалист болып келген мен Алматыға ұлтшыл болып оралдым. Тың игеруге келгендердің зорлық-зомбылығы көп болды. Ашықтан-ашық біздерді баса көктеп, жанышқысы келді... Л. Середкин, Давыдов сияқты жандайшап шовинистерді барынша әшкерелеп бақтым, олардың тепкісінен бірен-саран отандастарымды қорғадым. Алайда менің мүмкіндігім аз еді».

Сонымен, 1958 жылы М. Қозыбаев өмірінің Алматы кезеңі басталды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті жанындағы партия тарихы институтының директоры Серікбай Бейсембайұлының шақыруымен келген жас жігіт бірыңғай ғылыми жұмысқа жегілді. Қысқа мерзімде кандидаттық диссертациясын қорғады. 1963 жылы жарық көрген «Қазақстан Компартиясы тарихының очерктері» ұжымдық еңбекті жазуға ат салысты, келер жылы «Компартия Казахстана в период Великой Отечественной войны» монографиясы оқырмандар қолына тиді. Отандық тарих ғылымының аспанында Қозыбаев есімді жарық жұлдыз пайда болғанын қазақстандық ғалымдар қауымдастығы мойындады, одақтық әріптестері таныды [2,2].



2 – сурет - М.Қозыбаев Қостанай пединституты қызметкерлерімен бірге

1969 жылы Мәскеуде докторлық диссертациясын қорғаумен қоғамдық пікірдегі биік мәртебесін заңды түрде бекемдеді. Ғылыми ізденіс үдей түсті. 1970 жылы тарихшылардың Халықаралық конгресінде баяндама жасады, 1971 жылы «Қазақстан – арсенал фронты» монографиясы үшін Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш. Уәлиханов атындағы сыйлығымен марапатталды. Бірақ «жау жоқ деме жар астында, бөрі жоқ деме бөрік астында» деген халық даналығы бекер емес екен. Пысықайлардың ұйымдастыруымен 1973 жылы М. Қозыбаев пен З.А. Голикова бірлесіп жазған «Золотой фонд партии (из опыта кадровой политики КПСС)» монографиясын «тезге» салу басталды. Еңбекте басшы партия кадрларын қалыптастыру кемшіліксіз еместігі, қажетсіз қайта құрулар мен кадрлық ауысулар ұйымдастырушылық қарым-қабілетті ашуға бөгесін екендігі айтылған еді. Осыны тілге тиек еткендер жеңіл-желпі сынаушыларды жоғары жаққа құбыжық қылып көрсетуге тырысты. Ақыры, Қазақстан Компартиясының XIV съезінде кітап Д. Қонаевтың аузымен сыналып, автор басына туған ауыр күндер 1979 жылға дейін созылды.

Партия тарихы институтынан кеткен Манаш Қабашұлы алғашқыда Алматы малдәрігерлік институтында, кейін Қазақ университеті жанындағы Қоғамдық пәндер оқытушыларының мамандығын жетілдіру институтында кафедра меңгерді. Тарихшы-ғалым Манаш Қабашұлы Қозыбаев тек ғылыми жұмыстармен ғана айналысумен шектелген жоқ, ол көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері болған. Ол 1990 – 1993 жж. халық депутаты болып сайланып, Жоғарғы Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тілдерді дамыту, Ұлттық Қауіпсіздік және қорғаныс Комитеттерінің мүшесі болды. 1993 ж. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік саясат туралы ұлттық кеңестің, адам құқығы жөніндегі республикалық Комиссияның (1994 – 1998), ҚР Жоғарғы аттестациялық Комитетінің Президиум мүшесі (1993 – 1999), Мемлекеттік



сыйлықтар жөніндегі комиссия мүшесі болды. Сонымен қатар ол Ескерткіштер және монументтер орнату жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі, Мәдениет министрлігі жанындағы ғылыми–методикалық кеңестің төрағасы, Республикалық тарихи – ағартушылық «Әділет» қоғамының Президенті, «Отан тарихы» журналының бас редакторы, «ҚР ҰҒА хабарлары», «ҚР ҰҒА хабаршысы», «Ақиқат», «Қазақ тарихы» журналдарының алқа мүшесі, «Қазақстан – Zaman» газетінің құрылтайшысы қызметтерін де атқарды [1,3].

М.Қ. Қозыбаевтың ғылыми-зерттеу жұмыстарының шеңбері бұл проблемалармен тұйықталып қалмайды. Оның қаламынан тарихи-партиялық тақырыпта көптеген жұмыстар туындады. Ол З.А. Голиковамен қосарлас автор болып, «Партияның алтын қоры. СОКП-ның кадр саясаты тарихынан» деп аталатын монография жариялады. Онда автор номенклатурадағы кадрлардың «жоғары-төмен» бір жақты қозғалысын мақұл көрген кадр саясатын сынға алды. Орталық Комитет мұндай көзқарасты қатаң айыптап, содан кейін оның нұсқауымен кітаптың барлық тиражы жойылып жіберілді.

М.Қ. Қозыбаев өзін тек ғалым ретінде ғана көрсетіп қойған жоқ, сонымен бірге педагог-ақылшы ретінде де көрсетті. 1970 жылы оған профессор атағы берілді. 1974 жылдан 1980 жылға дейін ол Алматы зоотехникалық-мал дәрігерлік институты мен С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті жанындағы қоғамдық ғылымдар оқытушыларының меңгерушісі болды, жоғары оқу орындарындағы оқу процесін жетілдіру жөнінде өткен Бүкілодақтық бірқатар жиындарға қатысты [2, 4 б.].

#### *Зерттеу нәтижелері*

Қазақстандық тарих ғылымы жүріп өткен жолды қорытындылау қажеттігі ғалымның алдына тарихнаманың жаңа проблемаларын зерттеу міндетін қойды. Оның мақалаларында тарихнаманың даму процесіне, көптеген тарихи-партиялық және тарихи зерттеулерге объективті баға беріледі. Шындығына келгенде, соңғы оңжылдықтарда республикада шыққан тарихнамалық жинақтардың бәрі М. Қ. Қозыбаев есімімен байланысты – оларда ол редактор немесе авторлар коллективінің мүшесі болып отырды. Бұл жұмыстардың тізімі ғалымның ғылымдағы қалауының жан-жақты екенін көрсетеді. Мәселен, ондай жұмыстарды атайтын болсақ, олар мынадай болып келеді: «Қостанай облысындағы Октябрь революциясы мен азамат соғысы тарихының кейбір мәселелері», «Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі Қазақстан тарихын жазудың кейбір мәселелері», «Амангелді Иманов тарихнамасы туралы мәселеге», «Ұлы Отан соғысы жылдарындағы социалистік жарыстың советтік тарихи әдебиетте жазылуы», «Қазақстан тарихын зерттеудің кейбір қорытындылары мен актуальды проблемалары», «Одақтас республикаларда энциклопедиялар жасаудың кейбір методологиялық проблемалары», «Қазақстандағы Ұлы Октябрь революциясы мен азамат соғысы тарихнамасының кейбір проблемалары». Біздің қоғамымыздың оңды өзгерістер жолына түсуі тарих ғылымында да қайта құру процесін туғызды. Өткеннің толық көлемінде танылмағаны, жаңа тарихтың әлі жазылмағаны анық болды. Қазақстан ғылымы жүріп өткен жол академик М. Қ. Қозыбаевтың редакциясымен шыққан «Советтік Қазақстанның тарих ғылымы (1917 – 1960 жж.): Қалыптасу және даму очерктері» деп аталатын жинақта зерттеу объектісіне айналды. Оның



басшылығымен тарихтың көкейтесті мәселелеріне жауап беретін «Қазақстан тарихы: «ақтаңдақ дақтар» деген мақалалар жинағы», «Тарих және қазіргі заман» атты монография биыл баспадан шықты. Онда жасалған Қазақстандағы СОКП мен мемлекет қайраткерлерінің саяси портреттері сөзсіз назар аударарлық.

М.Қ. Қозыбаевтың тарих ғылымының документальдық базасын кеңейтуге қосқан үлесі кеңінен мәлім. Оның белсене қатысуымен «Амангелді Иманов», «Қазақстан Совет Одағының Ұлы Отан соғысында» (Т. 1), «Бәрі майдан үшін, бәрі жеңіс үшін», «Майданнан сәлем саған, Қазақстан!» тағы басқа да документтер мен материалдар жинақтары жарық көрді. Сол сияқты, «Қостанай далаларындағы Совет өкіметі үшін күрес», «Қазақстан Компартиясы тарихының очерктері», «Ұлы достықтың жемістері», «Ұлы достықпен күштіміз» сияқты коллективтік монографиялар, «Теңдестер одағы», «СССР», «Мызғымас одақ», «Ленин комсомолы Ұлы Отан соғысында» т.б. энциклопедиялық анықтамалар басылып шықты.

Академик М.Қ. Қозыбаевтың еңбектері Ресей, Армения, Беларусь, Украина, Қытай, Түркия, Корея, АҚШ, Иран, т.б. елдерде басылып шықты. Ғалым тек соңғы 15 жыл ішінде 200 – дей баяндамалар мен халықаралық конгресстер, конференциялар, симпозиумдар, дүниежүзі қазақтарының құрылтайы, ғылыми сессиялардың мінберінен отандық тарих мәселелерінің әртүрлі саласынан ой өрбітіп, келелі мәселелерді күн тәртібіне қойып отырды.

Ал Кеңес Одағының құрамында болған жылдарда 1962 жылы Манаш Қабашұлы С. Бәйшевтің жетекшілігімен «Қазақстан Компартиясының Ұлы Отан соғысы кезінде өнеркәсіп пен транспортқа басшылық жасаудағы тәжірибесі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, ал 1969 жылы «Қазақстан Коммунистік партиясы Ұлы Отан соғысы жылдарында» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 1969-1973 жылдар аралығында Партия институтының сектор меңгерушісі болып тағайындалып, бұл қызметті 1974 жылға дейін атқарады. 1971 жылы оған профессор атағы беріледі. «Қазақстан-майдан арсеналы» атты монографиясы үшін Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықты иеленеді және Бүкілодақтық конкурстың екінші дәрежелі сыйлығын алады. Ал 1973 жылы тарих ғылымдарын дамытудағы жетістіктері үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет қағазымен марапатталады. Бір жылдан кейін, яғни 1974 жылы Алматы зоотехникалық-малдәргерлік институтқа қызметке тұрып, КОКП тарихы кафедрасының меңгерушісі болады [3, 21-22 б.].

1970-1980 жж. М.Қ.Қозыбаев профессор ретінде Әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де дәріс беріп, аспиранттар мен докторлардың ғылыми жұмыстарына жетекшілік етті. Сөйтіп М.Қ.Қозыбаев тәуелсіз Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттейтін ғылыми мектептің негізін құрды. Академик М.Қ.Қозыбаев көп жылдан бері Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанындағы докторлық диссертация қорғайтын Ғылыми Кеңестің төрағасы, тарих ғылымдары саласындағы проблемалық ғылыми-үйлестіру Кеңесінің төрағасы, Мемлекеттік ономастикалық комиссия мүшесі қызметтерін атқарды.

1998 жылдан бері М.Қ.Қозыбаевтың басшылығымен қазір Қазақстанға ғана емес, шетелдік ғылыми қауымға да кеңінен таңылған арнайы ғылыми басылым «Отан тарихы» журналы шығарылып келеді. Академик М.Қозыбаев үн қатпаған



тарих және қазіргі заманға қатысты қандай да болмасын өткір қоғамдық-саяси мәселе жоқ сияқты. Оның мерзімді баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарындағы өзекті ғылыми және публицистикалық мақалалары мен сөйлеген сөздері кеңінен танылып, жұртшылықтың шынайы ілтипатына бөленді [4, 72 б.].

Осылайша тәуелсіздік жылдарында М.Қ.Қозыбаев елімізде тарихи сананы қалыптастыруға, рухани өмірдің жаңғыруы мен дамуына ұлтаралық жарасым мен халықтар бірлігін нығайтуға зор үлес қосты. Ол қазақ мемлекеттілігі тарихының, отаршылдық және кеңестік тоталитаризм жағдайындағы Қазақстан тарихының жаңа концептуалдық бағыттарын қалыптастырудың, саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтаудың бастау көзінде тұрды. Соңғы жылдары ол Қазақстан Республикасы Президентінің «1997 жылы жалпы ұлттық келісім және жапайы саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу Жылы деп жариялау туралы», «1998 жылы халық бірлігі мен сабақтастығы Жылы деп жариялау туралы» Мемлекеттік комиссияның мүшесі ретінде де қыруар жұмыстар атқарды [4, 73 б.].

М.Қ.Қозыбаев ғылыми, ғылыми – ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтерімен қатар мемлекеттік және қоғамдық өмірге де белсенді араласып келе жатқан көрнекті қайраткер. Ол 1989 жылы Ұлттық Ғылым Академиясының толық мүшесі-академик болып сайланды. 1990-1993 жылдары ҚР Жоғары Кеңесінің депутаты болып, егеменді Қазақстан мемлекетінің Конституциясын, заңдары мен актілерін қабылдауда орасан зор қайраткерлік танытты. М.Қ.Қозыбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі болды. 1993 жылдан М.Қ.Қозыбаев Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңестің және Адам құқығы бойынша Мемлекеттік комиссияның мүшесі болды.

1978 жылы Қазақ Мемлекеттік университеті жанынан Қоғамдық білімдер пәндерін оқытушылар мамандығын жетілдіру институты ашылып, М. Қозыбаев ондағы КОКП тарихы кафедрасының меңгерушілігіне шақырылады. Келесі жылы Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі болып сайланады және Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне шақырылды.

1979 жылы М. Қ. Қозыбаев Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелігіне сайланып, Қазақ Совет Энциклопедиясының бас редакторы болды, сонымен бір мезгілде Үлкен Совет Энциклопедиясының Ғылыми-редакциялық кеңесінің мүшелігіне сайланды [4, 74 б.].

Оның басшылығымен Қазақ ССР-інің көп томдық энциклопедиясын жасауда едәуір жұмыстар жүргізілді, оның үстіне, республикада өлкетануды дамытуға жағдай жасайтын, Қазақстанның қалалары мен облыстарына арналған осындай басылымдар жасалды.

1986 жылы М. Қ. Қозыбаев 1981 жылдан бері Советтік Қазақстан тарихнамасы бөлімінде негізгі жұмысына қоса еңбек етіп келе жатқан Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш. Ш. Уалиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтына жұмысқа ауысты. Сонымен бір мезгілде ол Қазақ ССР Ғылым академиясының Президиумы жанындағы Проблемалық кеңестің мүшесі болды.

1988 жылы июльде коллективтің жалпы жиналысы М. Қ. Қозыбаевты Институттың директоры етіп сайлады. Ол өзіне тән энергиясымен және



мақсаткерлігімен Институттың зерттеушілік қызметінде бірқатар өзгерістерді жүзеге асырды.

М. Қ. Қозыбаевтың ерекше қасиеті шның өзінің де, бүкіл коллективтің де назарын тарих ғылымының актуальды проблемаларына және оның ең көкейтесті міндеттерін шешуге аудару алушылығы болып табылады. Оның тікелей басшылығымен Институттың ғылыми- зерттеу жұмысында басым бағыттар ашылды. Олар Қазақстанның Россияға қосылу проблемалары, өлкенің XX ғасырдың бас кезіндегі саяси өмірі, ұлт-азаттық қозғалыс, совет кезеңіндегі ұлттық-мемлекеттік межелену және ұлтаралық қарым-қатыныстар тарихы проблемалары еді [4, 75 б.].

М. Қ. Қозыбаевтың басшылығымен Қазақ ССР Ғылым академиясының Ш.Ш. Уалиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты Қазақстанның тарих ғылымының орталығы ретінде берік орнығуда. Оның халықаралық байланыстары кеңейіп, олар іскерлік, творчестволық сипат алуда. Ғалымның белсене қатысуымен Институтта бірқатар бүкілодақтық, аймақтық конференциялар, дөңгелек столдар, пікірталастар өткізілді.

1988 жылы М. Қ. Қозыбаев Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшелігіне сайланды. Өз бойында талантты ғалым және шебер ұйымдастырушының қасиеттерін біріктіре алуының арқасында ол Тарих бойыша ССРО ұлттық комитетінің мүшесі, Қазақ ССР Ғылым академиясының тарих жөніндегі ғылыми кеңесінің председателі, ССРО-дағы социалистік құрылыс тарихы секциясының, бірқатар ғылыми және мамандандырылған кеңестердің Ғылым мен техника саласында Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын беру жөніндегі комиссияның, Қазақ ССР Ғылым академиясы мен Қазақстан жоғары мектебінің байланыстыра жөніндегі кеңестің мүшесі, Қазақ ССР Ғылым академиясы Орталық ғылыми кітапханасы кітапханалық кеңесі председателінің орынбасары, «Қазақстан» баспасы редакциялық кеңесінің председателі, ЮНЕСКО-ның «Ұлы жібек жолы – мәдениеттер диалогының жолы» халықаралық программасын жүргізу жөніндегі Қазақ ССР ұлттық комитетінің мүшесі, Қазақ ССР Халыққа білім беру министрлігінің қоғамдық ғылымдар саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және үйлестіру секциясының председателі, «Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы», «Ақиқат», «Қазақстан мұғалімі» журналдарының редакциялық алқаларының мүшесі болып табылады [4, 97 б.].

Жариялылық қоғамдық сананың қиялдық формаларына күйрете және оншалықты жеңіл тимейтін соққы берді. Академик М. Қ. Қозыбаевтың да еліміздегі дауылдатқан саяси өмірден сырт қалмағаны табиғи нәрсе. 1990 жылы ол халық депутаты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің мүшесі болып сайланды.

Оның патриоттығы, өз халқының тағдыры үшін жаны ауыратындығы көбіне оның депутаттық қызметіне бағыт беріп отырады. М. Қ. Қозыбаев Қазақ ССР-інің егемендігі туралы Декларация ақырғы жобасын жасау жөніндегі мемлекеттік комиссия (председательдің орынбасары) құрамында жұмыс істейді, Қазақ ССР Ғылым және ғылыми-техникалық прогресс туралы Заңының жобасын жасау жөніндегі жұмысшы тобының мүшесі.

Талантты публицист М. Қ. Қозыбаев өз халқының мүддесін жарқын да дәлелді түрде қорғап отырады. Оның бұқаралық информация құралдарында



шығып жататын сезімге толы мақалалары барлық уақытта да аудиторияның қызу қолдануын туғызып жатады. Мәселен, оның «Суд над памятью», «Ақиқаттан аттамайық», «Реальность» (қосалқы автор), «Истина и мифы», «Абылай и его время» тағы басқа да көптеген мақалалары республика тарихын объективті түрде жазуға елеулі үлес қосты.

Ғалымның белсене қатысуымен қазақ халқына А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов және басқа да көрнекті қайраткерлердің есімдері қайтарылып берілді. Ол жаңа методологиялық көзқараспен тарих ғылымдарының докторы Н. Е. Бекмахановамен бірлесіп, орта мектептің жоғары сыныптары үшін Қазақ ССР тарихы оқулығын жазды.

1980-1986 жылдар аралығына дейін М. Қозыбаев Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакторы болады және осы жылдар аралығында Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының тарихнама және деректану бөлімінде аға ғылыми қызметкер ретінде қызмет етеді. Қазақ энциклопедиясына басшылық қызметте жүрген кезінде энциклопедиялық басылымдар шығаруға Манаш Қабашұлы кезінде зиялы қауымның қалың тобын тартты. Ол қазақстандықтардың Ұлы Отан соғысына тигізген экономикалық көмегіне қатысты 1985 жылы 40 сериялы құжатты «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында» фильмінің ғылыми кеңесшісі болады. Ғалым фильмнің сценарийлеріне кеңес беріп, тарихи және ғылыми жағына баса назар аудару керектігін айтып отырды [2].

1986 жылы ғылыми - практикалық қызметі және қоғамдық өмірге белсене араласқаны үшін «Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері» құрмет атағын иеленеді. Осы жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының Президиумының проблемалық кеңесінің мүшелігіне сайланады және Қазақ КСР Ғылым академиясы Президиумының ғылым мен техника жөніндегі комиссиясының төрағалығына тағайындалады. 1986 ж. наурызынан М. Қ. Қозыбаев Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтында қызметке келіп, тарихнама және деректану бөлімінің меңгерушісіне сайланады [4, 105 б.].

1987-1990 жылдары М.Қ. Қозыбаев бөлім қызметкерлерімен «Социалистік Отанды қорғау мәселелерінің тарихнамасы» және «Ұлы Отан соғысының алғашқы кезеңіндегі Қазақстан (22 маусым 1941 ж.- 18 қараша 1942 ж.)» атты жаңа ғылыми - зерттеу жұмыстарына тартылады. Зерттеу нәтижелері баспасөз беттерінде жарық көрді. Ш.Ш. Уәлихановтың 5 томдық шығармалар жинағының 1-2 және 5 томдарының редакция алқасының құрамында болды.

Ғалым газет-журнал редакциялары ұйымдастырған пікір-таластарға белсене қатысып, 1937-38 жылдардағы қуғын-сүргін мәселесі, «буржуазияшыл-ұлтшыл» атанған «Алаш» партиясы, осы «Алаш» партиясына қатысты «Қазақ», «Сарыарқа» газеттерінің, «Абай» журналының, «Үш жүз» партиясының тарихы сияқты өзекті тақырыптарды зерттеу төңірегінде пікір алмастырды. Қазақ этногенезі, Қазақстан территориясындағы қуатты мемлекеттер, ауыл шаруашылығын ұжымдастыру, Қазақстанда Голощекиннің басшылығымен жүргізілген «Кіші Қазан» идеясының зерттелінбей отырғандығын, келешекте осы мәселелерді қолға алу қажеттігін көтерді.





М. Қозыбаев Қазақ КСР Ғылым Академиясының 1988 жылғы 2 маусымынан бастап Тарих, археология және этнография институтының институт директоры міндетін уақытша атқарса, ал 19 маусымында институт директорының қызметіне сайланып, 2002 жылдың қаңтарының аяғына дейін осы қызметті атқарды. Ол бұл қызметте жүріп өзін білікті басшы, ұйымдастырушы ретінде көрсете білді.

М. Қ. Қозыбаев «Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезеңінде» (1988 ж.) атты үштомдық кітаптың құрылымын жасауға қатысты және басқа ғалымдармен бірлесіп «Ұлы Отан соғысының бірінші кезеңіндегі Кеңес тылы» атты 26,4 баспа табақтық көлемді еңбекті даярлап, баспадан шығарады. Осы жылы Манаш Қабашұлы ұлт зиялыларының мұраларын зерттеуге арналған мемлекеттік комиссия мүшесі болып, 30-жылдары Сталиндік саясат құрбандары болған қазақтың азаматтарын ақтау ісіне қатысады және нәубет құрбандарына арнап бірнеше ғылыми мақалаларын баспасөз бетіне жариялайды.

1989 жылдың 18 маусымында М. Қ. Қозыбаев Қазақ КСР Ғылым Академиясының Жалпы жиналысының қаулысы бойынша Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі (академигі) болып сайланды. Институттың ұжымымен 20-30-шы жылдардағы ашаршылық, XX ғасыр басындағы қазақ зиялы қауымының қоғамдық-саяси қызметіне, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің қызметіне, ұжымдастыру мәселелеріне арналған пікір-таластар (дискуссия) өткізді. 1989-1990 жылдары Тарих, археология және этнография институты аймақтық Ғылыми Зерттеу Жұмыстарын (ҒЗЖ) сараптауға қатысты.

М. Қозыбаев 1989 жылы құрылған «Әділет» тарихи-ағарту қоғамына белсене араласып, 1994 жылдан осы қоғамының президенті болып сайланады. Қоғам тоталитарлық жүйеге, қуғын-сүргінге қатысты бірнеше ғылыми конференциялар мен семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіп, тоталитарлық жүйенің қылмысын әшкерелейтін «Азалы кітап» шығаруды қолға алады [6, 4-5 б].

1990 жылы Манаш Қабашұлы Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация дайындайтын комиссия мүшелігіне сайланады. Ал 1990-1993 жылдары Жоғарғы Кеңестің ұлттық саясат, мәдениет және тіл дамыту комитетінің мүшесі болып, Қазақстан мемлекетінің Конституциясын, заңдары мен актілерін қабылдауда қайраткерлік таныта білді. 1990-1993 жж. Қазақ КСР халық депутаты болып сайланып, Қазақ КСР халық депутаттығы кезінде үкімет алдына бірнеше мәселелерді көтеруге тырысады. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің «Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігі» туралы заңды дайындайтын комиссия құрамына кіреді. Мемлекеттік рәміздердің жобасын талдауға қатысып, өзінің ойын да білдіреді [1]. М. Қ. Қозыбаев депутат жүгін арқалай жүріп, көптеген мәселелердің шешімін табуға ат салысты.

Манаш Қабашұлы Отан тарихының «жабық» саналып келген көптеген проблемалық мәселелерді арнайы үкімет рұқсатымен қарастыру жолында елеулі жұмыстар жүргізді. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыс тарихы, 20-30 жылдардағы ұжымдастыру, тәркілеу, 1931-33 жылдардағы ашаршылық мәселелерінің ақ-қарасын ашу турасында комиссия құруды ұсынады.



1991 жылы қарашада «1928 ж. 27 тамыздағы Халық Комиссарлар Кеңесі мен Қазақстан Орталық Атқару Комитетінің “Байлар шаруашылығын кәмпескелеуі» және 1930 ж. 19 ақпандағы «Ұжымдастыру мәселесін нығайту мен бай, құлақтарға қарсы күрес жүргізуге» қатысты шыққан жарлықтарын тереңдете зерттеу мәселесіне құрылған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес Президиумы комиссиясының төрағасы болады.

Манаш Қабашұлы 1991-2001 жылдар аралығында «Ақиқат» журналының, ал 1993-2001 жылдары «Қазақ тарихы» журналының редакциялық алқасының мүшесі болды. Ғалым аталған журналдардың редакциясына ғылыми кеңестер ұсынып, оның бетіне қандай мәселелер жариялану қажеттігі жөнінде бағыт-бағдар беріп отырды. Институтты басқарған жылдары шетелдік тарихшылармен байланыс орнатып, тәжірбие алмастырды. 1992 жылы Институт бірнеше жоғары және орта мектептерге арналған оқу құралдарын, оқулықтар, жинақтар басып шығарды. Жоғары оқу орындарына арналған 16 баспа табақ көлемінде «Ақтаңдақтар ақиқаты» оқу құралы жарық көрді. 1992-1993 жылдар аралығында М. Қозыбаев ҚР жоғарғы Кеңесінің Ұлттық қауіпсіздік комитетінің мүшесі, 1993 ж. ҚР Президентінің қасындағы мемлекеттік саясат туралы ұлттық кеңесінің мүшесі, адам құқығы жөніндегі республикалық комиссияның мүшесі, ҚР Тарих және мәдениет қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми-методикалық Кеңесінің төрағасы болып тағайындалды. М. Қозыбаев тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғауда да елеулі еңбек сіңірді [1, 2-3], (3-сурет).



*3-сурет – Елбасы Н.Ә.Назарбаев және ғалым М.Қ.Қозыбаев*

1993-1999 жылдар аралығында ғалым ҚР Жоғарғы аттестациялық Комитетінің Президиумы мүшесі болады. Сонымен қатар көп жылдар бойы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанындағы докторлық диссертация қорғайтын Ғылыми Кеңестің төрағасы, тарих ғылымы саласындағы проблемалық ғылыми-үйлестіру Кеңесінің төрағасы Мемлекеттік ономистикалық комиссия мүшесі қызметтерін атқарып келді.



Манаш Қабашұлы 1993 жылы Қостанай қаласы мен Меңдіқара ауданының «Құрметті Азаматы» атағына ие болады. Ұлы Отан соғысы кезіндегі қазақстандықтардың тылдағы ерлігі жайындағы Н. Едігеновпен бірлесе жазған «Труд во имя победы» кітабы жарық көрді және академиктың жетекшілігімен Қазақстанның көне дәуірден бүгінгі күнге дейінгі бес томдық академиялық тарихының жаңа басылымы дайындалды және ол «Абай», «Ақмола» энциклопедиялық басылымдардың және «Қазахи», Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Талдықорған, Оңтүстік Қазақстан облыстарында қуғын-сүргінге ұшырағандарға арналған «Азалы кітап-Книга памяти» және тағы басқа ғылыми зерттеулердің редакциялық коллегиясын басқарды.

М. Қозыбаев 1995 жылы Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мерейтойын өткізуге қатысты құрылған мемлекеттік комиссия мүшесі болып, осы мерейтойды өткізуге атсалысады. 1997 жылы ҚР Президентінің бейбітшілік және рухани келісімі сыйлығының лауреаты атанады. 1997 жылдың қыркүйегінде академик М. Қ. Қозыбаев ҚР Мемлекеттік хатшысы Ә. Кекілбаевтың басшылығымен «Аңырақай» деп аталған қазақ-жоңғар шайқасы болған жерді анықтауға қатысты құрылған комиссия құрамына қатысады. Бұл мәселеге қоса комиссия Қазақ хандығының шекарасын анықтау ісімен де айналысады. М. Қозыбаев Индияда өткен Қазақстанның мәдени күндерінің делегациясын басқарды және Монғолиядағы Күлтегін мен Тоныкөк ескерткіштерін кешенді түрде зерттеу экспедициясына қатысады. Түркияға барған іссапарында Стамбул университетімен байланыс орнатып, түрік тарихшыларымен «Қазақстан тарихы» очеркін түрік тіліне аудару мәселесін шешеді.

1997 жылдың 10 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылды «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп атау жөніндегі жарлығына орай құрылған Мемлекеттік комиссияны ғылыми-әдістемелік жағынан жабдықтайтын секция құрамында М. Қозыбаев та болып, институт ұжымымен «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылын» өткізуге қатысты тұжырымдамаларын даярлап, бірқатар ауқымды жұмыстар атқарды. 1998 жылы М. Қозыбаевтың осы жылы «Ғылым» баспасынан 2 кітаптан тұратын «Тарих зердесі» атты монографиясы жарық көрді [7].

М. Қозыбаевтың басшылығымен Қазақстанға ғана емес, шетелдік ғылыми қауымға танылған «Отан тарихы» журналы шығарылып, оның бас редакторлығын ғалымның өзі атқарды және «Қазақстан-Заман» газетінің құрылтайшысы әрі авторы болады. 1999 жылды «Халық бірлігі және ұрпақтар сабақтастығы жылы» ретінде өткізу турасына орай құрылған мемлекеттік комиссия құрамына сайланды. 2000 жылы ғалым Түркия, Румыния, Қытай республикаларының ғалымдарымен етене байланыс орнатып, бұл елдерде өткен конференцияларға, семинарларға қатысып, осы елдердің өкілдерін елімізде өткен іс-шараларға шақырды, тарихи мәселелер төңірегінде дөңгелек стол өткізуге ат салысады. Ғалым ондаған кітаптары мен жинақтар, 840-тан ғылыми мақалалар жазып, 13 ғылым докторлары мен 72 ғылым кандидаттарын даярлады. Сөйтіп М.Қ.Қозыбаев тәуелсіз Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттейтін ғылыми мектептің негізін құрды.



### *Қорытынды*

Академик М.Қ.Қозыбаев көп жылдан бері Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты жанындағы докторлық диссертация қорғайтын Ғылыми Кеңестің төрағасы, тарих ғылымдары саласындағы проблемалық ғылыми-үйлестіру Кеңесінің төрағасы, Мемлекеттік ономастикалық комиссия мүшесі қызметтерін атқарды.

М.Қ.Қозыбаев ғылыми, ғылыми – ұйымдастырушылық және педагогикалық қызметтерімен қатар мемлекеттік және қоғамдық өмірге де белсенді араласып келе жатқан көрнекті қайраткер. Ол 1989 жылы Ұлттық Ғылым Академиясының толық мүшесі-академик болып сайланды. 1990-1993 жылдары ҚР Жоғары Кеңесінің депутаты болып, егеменді Қазақстан мемлекетінің Конституциясын, заңдары мен актілерін қабылдауда орасан зор қайраткерлік танытты. М.Қ.Қозыбаев Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшесі болды. 1993 жылдан М.Қ.Қозыбаев Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңестің және Адам құқығы бойынша Мемлекеттік комиссияның мүшесі болды. Тарихшы-ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде М.Қ.Қозыбаев қазақ халқының ұлттық сана-сезімінің орнығуына, мемлекеттілік идеологиясының, Қазақстан Республикасының этнотерриториялық тұтастығының нығаюына үнемі назар аударған.

М.Қ.Қозыбаевтың отандық тарих ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі жемісті мемлекеттік және қоғамдық қызметі жоғары мемлекеттік наградалармен атап өтілген [8, 27-28 бб].

«Қазақстан-майдан арсеналы» монографиясы үшін оған 1970 ж. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты атағы берілді. 1995 ж. Қазақстан тарихының өзекті проблемаларына арналған бір топ зерттеулері үшін ол Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағына ие болды. Белсенді әрі жемісті мемлекеттік және қоғамдық сыйлығы үшін 1997 жылы ол Президенттің «Бейбітшілік рухани келісім» сыйлығының иегері атанды. Оған 1986 жылы «Қазақстанның ғылымға еңбек сіңірген Кеңесінің Құрмет грамоталарымен, Қазақстан Республикасының және КСРО медалдарымен марапатталған. М.Қ.Қозыбаев Шәкәрім атындағы «Семей» мемлекеттік университетінің (1998 ж.) Қарағанды мемлекеттік медицина академиясының (1999 ж.), А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің, «ҚазГОР» Академиясының құрметті профессоры болып сайланған. Ол Қостанай қаласының және Мендіқара ауданының құрметті азаматы.

Манаш Қабашұлының жансерік жолдасы Сара Пішенбайқызы-танымал педагог, ұстаз інісі Сағынбай Қозыбаев, баласы Ілияс-тарих ғылымдарының докторлары, профессорлар, қызы Гүлшат тарих ғылымдарының кандидаты [9, 157 б.]. 30 мамырда Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен оны мәңгі есте қалдыру үшін Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетіне академик Қозыбаев есімі берілді, ғалымның ескерткіші ашылды.



## ӘДЕБИЕТ

- [1] Әбжанов Х.М. Ұлт тарихының тарланы // <http://www.iie.kz>.
- [2] Сағадиев К. Ұлт ұлағатының жаршысы//Егемен Қазақстан.-2011. 1 қараша.
- [3] М.Қозыбаев // Отан тарихы. -2001. Арнаулы басылым. -20 б.
- [4] Евразия орталығы. – 2006. - №2 (3). 7 - 110 бб.
- [5] Қозыбаев М. Ақтаңдақтар ақиқаты. – Алматы “Қазақ университеті”, 1992. -272 б.
- [6] Игенбаев А. Нурмухамедов С. Подвиг республики // Казахстанская правда. – 1969. - 8 января.
- [7] Қозыбаев М.Қ. Тарих зердесі. 1,2, кітап. Алматы: Ғылым, 1999. -344 б., - 280 б.
- [8] Төлєнова З.М. Академик М. Қ. Қозыбаевтың ұлттық тарихи сананы қалыптастыру жөніндегі ойлары // Абай ат. Алматы университетінің Хабаршысы. – 2002. №1. - 75-83-бб.; М. Қозыбаевтың тарихи мұрасы және қазіргі уақыт” атты ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. – Қостанай, 2004. - 109 б; “Академик Манаш Қозыбаевтың ғылыми және тарихи мұрасының өзектілігі” республикалық, ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Петропавл, 2004. -196 б.
- [9] Жұлдызы жанған ғұлама. Академик Манаш Қозыбаев туралы естелік. – Алматы: Атамұра, 2003. - 288 б.

## REFERENCES

- [1] Äbjanov, H.M. Ült tarihyның tarlany [Tarlan of the history of the nation]. <http://www.iie.kz>. [in Kazakh].
- [2] Sağadiev, K. (2011). Ült ülağatynyñ jarşysy [Bulletin of the ulagat of the nation]. Egemen Qazaqstan - Sovereign Kazakhstan, 1 qaraşa [in Kazakh].
- [3] Qozybaev, M. (2001). Otan tarihy [History of the motherland]. Arnauuly basylym, 20 [in Kazakh].
- [4] Evrazia ortalyğy [Eurasian Center]. 2006. №2 (3). 7 - 110 bb [in Kazakh].
- [5] Qozybaev, M. (1992). Aqtañdaqtar aqıqaty [The truth of excuses]. Almaty “Qazaq universiteti”, 272 [in Kazakh].
- [6] İgenbaev, A. Nurmuhamedov, S. (1999). Podvig respubliki [Feat of the Republic]. Kazakhstanskaya Pravda - Kazahstanskaia Pravda [in Russian].
- [7] Qozybaev, M.Q. (1999). Tarih zerdesı [History Intelligence]. 1,2, kitap. Almaty: Ğylym, 344, 280 [in Kazakh].
- [8] Tölenova, Z.M. Akademik M. Q. Qozybaevtyñ ülttyq tarihi sanany qalyptastyru jöñindegi oıлары [Ideas of Academician M. K. Kozybayev on the formation of national historical consciousness]. Abai at. Almaty universitetiniñ Habarşysy - Name Abay. Bulletin of Almaty University. 2002. №1. 75-83-bb.; M. Qozybaevtyñ tarihi mürasy jäne qazırgı uaqyt” atty ğylymi-praktikalıq konferensia materialdarynyñ jınağy - Collection of materials of the scientific and practical conference” historical heritage and present time of M. Kozybayev”. Qostanai, 2004. 109; “Akademik Manaş Qozybaevtyñ ğylymi jäne tarihi mürasynyñ özektiligi” respublikalyq, ğylymi-praktikalıq



*konferensianıñ materialdary - Materials of the Republican scientific and practical conference “relevance of the scientific and historical heritage of Academician Manash Kozybayev”. – Petropavl, 2004. 196 [in Kazakh].*

[9] Jūldyzy jaŋǵan ğūlama. Akademik Manaş Qozybaev turaly estelik [The star is a burning scholar. Memory of Academician Manash Kozybayev]. Almaty: Atamūra, 2003. 288 [in Kazakh].

**Рысбеков Т.З., Кушкенбаева А.Е.**

#### **ОБЩЕСТВЕННАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ АКАДЕМИКА М. КОЗЫБАЕВА**

**Аннотация.** В статье подробно рассматривается активная деятельность ученого-историка Козыбаева М. К. в государственной и общественной жизни наряду с научной, научно – организационной и педагогической деятельностью. Участие ученого в общественной деятельности в советский период, закалывание, обобщение опыта, активная общественная деятельность в годы независимости Казахстана были изучены через собственные труды, научные труды ученого.

**Ключевые слова:** ученый Козыбаев М. К.; жизненные вехи; историческая наука; Казахский национальный университет им.Аль-Фараби; научные труды; Институт истории партии; депутатская деятельность; активная общественная жизнь; наследие ученого.

**Rysbekov Tuyakbai, Kushkenbayeva Akerke\***

#### **PUBLIC ACTIVITY OF ACADEMICIAN M. KOZYBAYEV**

**Annotation.** The article examines in detail the scientific, scientific, organizational and pedagogical activities of the scientist-historian M. K. Kozybayev, as well as his active activities in state and public life. The scientist's involvement in public activities in the Soviet period, his hardening, the collection of experience, life transitions are analyzed, and the active social activity of Kazakhstan during the years of independence is studied through the scientist's own works, scientific works.

**Keywords:** Galym Kozybayev M. K.; milestones of life; historical science; Al-Farabi Kazakh National University; scientific works; Institute of party history; deputy activity; active social life; legacy of the scientist.